

**«6D010100-Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған Тайтелиева Лаура Рахатовнаның «Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамыту» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуіне отандық ғылыми кеңесшінің**

## **ПІКІРІ**

Елімізде қалыптасқан еңбек нарығы өз міндеттерін сапалы және жауапкершілікпен орындайтын, құбылмалы экономикалық жағдайларға жылдам бейімделетін мамандарға мұқтаж, сондықтан жоғары білікті, бәсекеге қабілетті, заман талабына сай ұтқыр тәрбиешілерге, деген сұраныс жылдан-жылға артып отыр.

Қазақстан Республикасының «Білімді ұлт» сапалы білім беру» Ұлттық жобасында қазіргі еңбек нарығына қажетті маман «кәсіби құзыретті, азаматтық ұстанымы айқын, ойлау қабілеті жоғары тұлға» болуы тиіс екендігі айтылған. Өйткені қоғамымыздың қарқынды дамуы үшін өз кәсібі саласында бәсекеге қабілетті сапалы маман еліміздің еңбек ресурсын қалыптастыруға, адам капиталын дамытуға өз үлесін қосады.

Бүгінгі күндегі ЖОО негізгі мақсаты инновациялық идеяларды жүзеге асырушы интеллектуалды кәсіби маман даярлау. Осыған орай Тайтелиева Лаура Рахатовнаның «Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамыту» тақырыбындағы диссертация жұмысы бүгінгі күнде өзекті мәселе болып табылады.

Л.Р.Тайтелиева диссертациялық зерттеу жұмысы барысында зерттеу тақырыбының көкейкестілігін ғылыми тұрғыда негіздей білді, оның ғылыми аппараты: нысаны, пәні, мақсаты, міндеттері, жетекші идеясы, әдіснамалық-теориялық негіздері, зерттеу көздері, әдістері, негізгі кезендері, ғылыми жаңалығы мен теориялық және практикалық маңыздылығы, ғылыми болжамы, қорғауға ұсынылатын қағидалары ашып көрсетілді.

*«Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздері»* деп аталатын бірінші тарауда болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерін кәсіби даярлау мәселесінің ғылыми еңбектерде қарастырылу жайы, «инновациялық іс-әрекет», «мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерін инновациялық іс-әрекетке даярлау» түсініктерінің мәні мен мазмұны, болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлаудағы әдіснамалық тұғырларын анықтап, зерттеу жұмысының теориялық құндылығын анықтай білді.

*«Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамытудың ғылыми-тәжірибелік алғышарттары»* атты екінші тарауда мектепке дейінгі ұйымдардағы педагогикалық инновацияның түрлері мен жүзеге асырылуы, инновациялық іс-әрекетке болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерін даярлаудың педагогикалық әлеуеті, болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетін дамытуға

даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделін ұсынуы зерттеу жұмысының маңыздылығын көрсетті

«Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерін инновациялық іс-әрекетке даярлаудағы тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар мазмұны» деп аталатын үшінші тарауда болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамытудың әдістемесі мен механизміне талдау жасалынып, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың мазмұны және оның нәтижелері көрсетілді. Сонымен қатар ұсынылған әдістеме, тәжірибелік-эксперименттік зерттеу нәтижелері дәлелденіп, қорытындылай алды.

Тайтелиева Лаура Рахатовнаның диссертация жұмысының мазмұны толық, рәсімделуінде де кемшіліктер кетпеген, жалпы зерттеу жұмысы талаптарға сай жазылған. Бұл докторанттың диссертациялық жұмысты жазуға аса жауапкершілікпен қарағандығын дәлелдейді. Диссертацияның бөлімдері мен тақырыпшалары бір-бірімен логикалық байланыста, ішкі бірлікті сақтай отырып, баяндалған. Тәжірибелік-эксперимент жұмысының дәлелді жүргізілуі зерттеушінің зерттеу проблемасының теориясы мен әдіснамасын жетік меңгергенін байқатады. Сондай-ақ зерттеу тақырыбындағы ұсынып отырған диссертациясы және осы жұмысты орындау барысында жарық көрген еңбектері зерттеу тақырыбына сәйкес келеді.

Философия докторы (PhD) дәрежесіне үміткер Л.Р. Тайтелиеваның ұсынылып отырған жазылу тілі мен стилі талаптарға сай, құрылымы мен мазмұны логикалық жағынан жүйелі, түсінікті нақты берілген. Диссертациялық жұмыс мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу саласы бойынша ғылыми зерттеу жұмыстарына айтарлықтай үлес қосатын зерттеу жұмысы бола алады деген сенім білдіремін.

Тайтелиева Лаура Рахатовнаның «6D010100 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы бойынша философия докторы (PhD), дәрежесін алу үшін ұсынылған «Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамыту» атты жұмысы диссертацияларға қойылатын талаптарға сай жазылған және философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін «6D010100 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынуға лайық деп санаймын.

**Ғылыми кеңесші:**  
**п.ғ.к., қауым. профессор**

